

Г.М. Сүлейменова^{1*}, Б.А. Жамелов², А.С. Қасымбеков³

¹тарих пәнінің эксперт-мұғалімі, Физика-математика бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі

(Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: Suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz

²Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің PhD докторанты
тарих пәнінің эксперт-мұғалімі

(Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru

³тарих пәнінің мұғалім модераторы

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

(Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: Kasymbekov_a@fmsh.nis.edu.kz

МҰҒАЛІМНІҢ ӨЗ ТӘЖІРИБЕСІН ЗЕРТТЕУДЕГІ «ACTION RESEARCH» ТӘСІЛІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада "Action Research" әдістемесі (іс-әрекеттегі зерттеу) мұғалімдердің интроспекциясы мен кәсіби дамуының тиімді құралы ретінде қарастырылады. "Action Research" мүмкіндіктері өз тәжірибесін зерттеу контекстінде талданады, оның дәстүрлі рефлексия әдістерінен артықшылығы ерекшеленеді. Мақала "Action Research" құрылымын және кезеңдерін ұсынады, сонымен қатар әдісті білім беру тәжірибесінде қолдану мысалдарын сипаттайды. Қорытындыда педагогтердің үздіксіз кәсіби өсуі үшін "Action Research" жоғары құндылығы туралы қорытынды жасалады. Мұғалімнің өз тәжірибесін зерттеу және талдау контекстінде "Action Research" әдісінің тиімділігі қарастырылады. Әс әрекетті зерттеу-бұл мұғалімдерге өз тәжірибелерін жүйелі түрде зерттеуге, мәселелерді анықтауға және оларды шешудің стратегияларын жасауға мүмкіндік беретін циклдік процесс. Бұл тәсіл мұғалімдердің кәсіби дамуына, білім сапасын жақсартуға және оқушылардың ынтасын арттыруға қалай ықпал ететініне назар аударады. "Action Research"-ті әртүрлі білім беру мекемелерінде сәтті қолдану мысалдары және оны практикалық педагогикада қолдану салалары келтірілген. Мақалада іс-әрекеттегі зерттеу тәсілін сабақ барысында қолданудың тиімділігі мен әлсіз тұстары анықталады, сабақ барысында қолданылған әдіс-тәсілдер мен бағалау стратегиясының нәтижеге жетуі қаншалықты жүзеге асқандығына зерттеу жүргізіледі.

Кілт сөздер: Action Research, іс-әрекеттегі зерттеу, кәсіби даму, рефлексия, мұғалім, педагогикалық практика, интроспекция, тиімділік, кәсіби даму, білім, мотивация, зерттеу, оқыту

Алғыс айту: Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырды (Грант No AP 19676634)

Сүлейменова Г.М.^{1*}, Жамелов Б.А.², Қасымбеков А.С.³

¹*учитель-эксперт истории, Назарбаев интеллектуальная школа физика-математического направления, (Казахстан, г. Шымкент), E-mail:

Suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz

²докторант PhD казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Яссауи
учитель-эксперт истории

(Казахстан, г. Туркестан), E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru

³Назарбаев интеллектуальная школа физика-математического направления
учитель-модератор истории

(Казахстан, г. Шымкент), E-mail: Kasymbekov_a@fmsh.nis.edu.kz

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПОДХОДА «ACTION RESEARCH» В ИЗУЧЕНИИ СОБСТВЕННОГО ОПЫТА УЧИТЕЛЯ

Аннотация

В статье рассматривается методика "Action Research" (исследование в действии) как эффективное средство самоанализа и профессионального развития педагогов. Возможности "Action Research" анализируются в контексте изучения собственного опыта, отличаются от его преимуществ перед традиционными методами отражения. В статье представлена структура и этапы "Action Research", а также описаны примеры применения метода в образовательной практике. В заключении делается вывод о высокой ценности "Action Research" для непрерывного профессионального роста педагогов. В контексте изучения и анализа учителем собственного опыта рассматривается эффективность метода "Action Research" (действительное исследование). "Action Research"-это циклический процесс, который позволяет учителям систематически изучать свой опыт, выявлять проблемы и разрабатывать стратегии для их решения. Этот подход фокусируется на том, как учителя способствуют профессиональному развитию, повышению качества образования и повышению мотивации учащихся. Приведены примеры успешного применения "Action Research" в различных образовательных учреждениях и области его применения в практической педагогике. В статье определяются эффективность и слабые места применения деятельностного исследовательского подхода в ходе урока, проводится исследование того, насколько реализовано достижение результатов примененных в ходе урока методов и стратегий оценки.

Ключевые слова: Action Research, исследование в действии, профессиональное развитие, рефлексия, учитель, педагогическая практика, самоанализ, эффективность, профессиональное развитие, образование, мотивация, исследование, обучение.

Благодарность: Данное исследование финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (Грант №19676634)

G.M. Suleimenova ¹, B.A. Zhamelov ², A.Kasymbekov ³

¹expert teacher of history

Nazarbayev Intellectual School in Physics and Mathematics
(Kazakhstan, Shymkent), E-mail: Suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz

²doctoral student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

¹expert teacher of history

(Kazakhstan, Turkestan), E-mail: zhamelov.baqlan@bk.ru

³history teacher-moderator

Nazarbayev intellectual school of physics and mathematics
(Kazakhstan, Shymkent), E-mail: Kasymbekov_a@fmsh.nis.edu.kz

THE EFFECTIVENESS OF THE "ACTION RESEARCH" APPROACH IN STUDYING THE TEACHER'S PERSONAL EXPERIENCE

Annotation

The article considers the methodology "Action Research" (Research in action) as an effective tool for introspection and professional development of teachers. The possibilities of "Action Research" are analyzed in the context of the study of one's own experience, its advantages over traditional methods of reflection differ. The article presents the structure and stages of "Action Research", and also describes examples of using the method in educational practice. The conclusion summarizes the high value of "Action Research" for the continuous professional growth of teachers. In the context of the study and analysis of the teacher's own experience, the effectiveness of the "Action Research" method is considered. "Action Research" is a cyclical process that allows teachers to systematically study their experiences, identify problems, and develop strategies to solve them. This approach focuses on how it contributes to the professional development of teachers, improving the quality of education and increasing the motivation of students. Examples of the successful use of "Action Research" in various educational institutions and the areas of its application in practical pedagogy are given. The article identifies the effectiveness and weaknesses of the use of the research approach in action during the lesson, studies are carried out on the extent to which the methods and evaluation strategies used during the lesson achieve results.

Keywords: Action Research, Research in action, professional development, reflection, teacher, pedagogical practice, introspection, effectiveness, professional development, education, motivation, research, training.

Acknowledgements: *This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AR 19676634)*

Кіріспе

Мұғалімнің кәсіби дамуы үздіксіз интроспекцияны, рефлексияны және өзгеруге дайындықты қажет ететін үздіксіз процесс. Өзін-өзі есеп беру және сырттан бақылау сияқты дәстүрлі әдістер көбінесе өз тәжірибенің терең түсіну және жақсарту бағыттарын анықтау үшін жеткіліксіз. Бұл тұрғыда "Action Research" (іс-әрекеттегі зерттеу) әдістемесі мұғалімдерге өз тәжірибелерін белсенді түрде зерттеуге, сұрақтарды тұжырымдауға, жаңа тәсілдерді сынауға және жұмыс нәтижелерін тікелей білім беру тәжірибесі аясында бағалауға мүмкіндік беретін перспективалық тәсіл болып табылады.

Заманауи білім мұғалімдерден өз пәні бойынша терең білімді ғана емес, сонымен қатар үнемі интроспекция мен өзін-өзі дамыту қабілетін талап етеді. Бұл тұрғыда "Іс әрекетті зерттеу" әдісі тәрбиешілерге өз тәжірибелерін зерттеуге және жақсартуға мүмкіндік беретін қуатты құрал болып табылады. "Action Research" жоспарлау, әрекет ету, бақылау және рефлексияны қамтитын циклдік процеске негізделген. Бұл тәсіл білім беру процесінде проблемаларды анықтауға ғана емес, сонымен қатар инновациялық шешімдерді әзірлеуге де ықпал етеді. Біз сондай-ақ осы тәсілді білім беру практикасына сәтті енгізудің мысалдарын талдаймыз, бұл оның қазіргі білім беру жағдайындағы маңыздылығы мен тиімділігін түсінуге көмектеседі [1].

"Іс әрекетті зерттеу" әдісін қолдана отырып, өз тәжірибенің үйрену мұғалімдерге өз тәжірибелеріне рефлексивті және сыни көзқараспен қарауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқу сапасын жақсартуға және оқушылардың нәтижелерін жақсартуға әкеледі. Бұл мақалада біз "Action Research" негізгі принциптері мен кезеңдерін, сондай-ақ оның мұғалімдердің кәсіби дамуына және жалпы білім беру процесіне әсерін қарастырамыз.

"Іс әрекетті зерттеу" тәсілінің тиімділігін талдау үшін мұғалімнің өз тәжірибесін зерттеуде жан-жақты және сенімді деректерді алуға мүмкіндік беретін әртүрлі зерттеу әдістері қолданылады.

Өзіндік тәжірибені дамытудың негізгі мәні сабақты дұрыс жоспарлау, оқушылардың қажеттіліктерін дұрыс анықтай білу, үлгерімі әртүрлі оқушылардың мүмкіндіктерін айқындай отырып, тапсырмалар құрастыру. Жоспарлаудың тиімді болуы сабақтың сапалы өтуінің кепілі екендігін ескерсек, жоспарлау кезінде анықталатын әдіс-тәсілдер бағалау стратегиялары, білім беру ресурстарының дұрыс таңдалуы оқушылардың сол сабақтағы оқу мақсаттарын игеруіне үлкен қолдау болмақ. Тиімді жоспарланған сабақ жоспары арқылы сабақты нәтижелі жүргізуге болады, сабақтың нәтижелі өтуі оқушылардың болашақта бөлім бойынша жиынтық бағалауды, тоқсандық жиынтық бағалауды және сыртқы жиынтық бағалауды жақсы деңгейде тапсыруға мүмкіндік береді. Әдістемелік бірлестіктегі әріптестер сабаққа кіріп, бақылауды жүзеге асыру қажет, мұғалімдер бақылау кезінде жоспарлаған әдіс-тәсілдердің, білім беру ресурстарының, бағалау стратегияларының тиімді немесе нәтижесіз болуы мен оның себептерін анықтап анализ жасауы қажет. Келесі сабақтарда аталған қателіктердің болмауын қарастырып, кемшіліктерді жою жолдарын қарастыруы қажет. Сабақ үдерісі кезінде мұғалім оқушылардың бағалауды жүзеге асыруын мұқият бақылап, керек кезінде араласып, түзетіп, бағыттап, оқушыларды академиялық адалдыққа тәрбиелеуі керек. Оқушылар әділеттілік, тазалық, бағалауды шынайы жүзеге асыру қағидаттарын қалыптастыру сабақ барысында жүзеге асыратын процесс болғандықтан мұғалім бағалау кезінде тиянақтылық танытып, конструктивті кері байланыс беріп отыруы міндетті. Сабақ аяқталған соң сабақ берген мұғалім мен әріптестері отырып, сабақты жан-жақты талқылауы қажет, сабақтың сәтті өткен сәттері мен кедергілері талқыланып, келесі сабақтарда болдырмаудың жолдарын қарастырылуы міндетті. Жалпы

бұл үдеріс мұғалімдер арасында тәжірибе алмасуға, жас мұғалімдердің өзіндік педагогикалық қорын дамытуға мүмкіндік береді [2].

Зерттеу әдістері

Сапалық талдау жүргізу арқылы «Іс әрекетті талдау» үдерісі туралы мұғалімдердің субъективті тәжірибелері мен пікірлерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мұғалімдердің тәжірибесіндегі негізгі тақырыптар мен заңдылықтарды анықтауға көмектесетін жартылай құрылымдалған сұхбаттар мен фокус-топтар қолданылды. «Іс әрекетті зерттеу» жүргізуде кейс-стади білім беру практикасына енгізудің нақты жағдайларын зерттеу осы тәсілдің оқыту әдістерінің өзгеруіне және оқушылардың нәтижелеріне қалай әсер ететінін талдауға мүмкіндік берді. Бұл нақты жобалардың сипаттамасын және олардың нәтижелерін қамтуға көмектеседі. Сыныпта мұғалімнің өз тәжірибесін тікелей бақылау зерттеушіге оқыту әдістеріндегі өзгерістерді және мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуін бағалауға мүмкіндік береді. Оқу жоспарларын, жұмыс дәптерлерін, жүргізілген зерттеулер туралы есептерді және басқа материалдарды талдау мен зерттеу арқылы іс тәжірибесін зерттеудің тәжірибеге қалай біріктірілгенін және қандай нәтижелерге қол жеткізілгенін бағалауға мүмкіндік береді.

Талқылау

Сабақты жоспарлау кезеңі. Сабақ барысында оқушылардың әрекеттерін есепке ала отырып, зерттеу сабағымды 9-сыныпқа «Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?» деген тақырыпта жоспарладым. Бұл сынып «Lesson Study» жобасы аясында зерттеуге алынған, себебі «Қазақстан тарихы» пәні оқыту тіліне қарамастан қазақша жүргізіледі, оқушылардың көпшілігі екінші (қазақ) тілде тарихи деректерді қолдана отырып, аргументтер келтіріп сөйлеуде қиналғаны анықталды. Сондықтан кәсіби даму мақсатымды «Тарихи деректерді қолдана отырып, оқушылардың аргументтеу дағдысын дамыту» деп алдым. Зерттеудегі мақсатым – аргументтер мен дәлелдер келтірудің тиімді тәсілдерін қолдана отырып, оқыту әдістемесіне өзгерістер енгізу, сыныптағы іс-әрекетті бақылау арқылы кәсібилігімді шыңдау [3].

Сабақты зерттеуден күтілетін нәтиже:

- оқушылардың жеткен жетістіктері мен кездесетін қиындықтар анықталады;
- қолданылған әдіс-тәсілдер, ресурстар мен бағалау құралдарының тиімділігі бағаланады;

Тақырыптың «қазақ әдебиеті» пәнімен байланысын және сыныптың оқу тілін ескеріп, қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Б. есімді әріптесім екеуіміз сабақты бірігіп жоспарладық. Әріптесімнің айтуынша, олар ауызекі тілде қазақша еркін сөйлегенімен, жазба жұмыстарын академиялық тілде жазуда қиналады. Жоспарлауда әртүрлі деңгейдегі А,В,С оқушыларын анықтадық.

Бұл – тізбектелген сабақтар топтамасындағы екінші сабақ. Әріптесіммен оқу жоспары мен бағдарламаны талдағаннан кейін, бағдарлама шиыршық қағидаты бойынша құрылғандықтан, оқушылар Қазақстанда кеңестік жүйенің орнығуы туралы бұған дейінгі сабақтардан біледі деген қорытындыға келдік. Бұл бөлім «Кеңестік Қазақстанның мәдениеті» туралы білімдерін одан әрі кеңейтеді [4].

Сабақты жоспарлауда әріптесіммен оқу мақсатын талдадық:

9.2.3.3. XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау;

Оқу мақсаттарын жүзеге асыруда оқушылар бастапқы білімін қолдана отырып, білім мен ғылым саласындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтайды, өзгерістерді талдайды, баға береді деп болжадық.

Жоспарлауда оқушылардың көпшілігі ақпаратты визуалды түрде жеңіл қабылдайтынын ескердім. Сондықтан сабақтың басында «Миға шабуылды» <https://learningapps.org/> платформасындағы суреттер пен тірек сөздер арқылы оқу мақсаттарын болжатамыз. Бұл арқылы білім алушылар сабақтың тақырыбын болжап қана

қоймай, тілдік дағдыларын дамытады әрі сабақта кездесетін термин сөздерге мән беріп, өз жауаптарында орынды қолданады. Оқушылар мұғаліммен бірге бағалау критерийі мен дескрипторды талқылайды. Тапсырманы дұрыс орындаса, платформа автоматты түрде кері байланыс береді [5].

Мағынаны тану кезеңінде «қазақ әдебиеті» пәнінің мұғалімі <https://wordwall.net/play/13739/653/726> сервисінде жеке жұмыс ретінде XX ғасыр басындағы зиялы тұлғалардың суреттерін көрсетіп, оларды еңбектерімен сәйкестендіру тапсырмасын беруді ұсынды. Бұл тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі мен ұлт тарихында алатын орнын салыстырмалы талдауға көмектеседі. Оқушылар «Лидерлер тақтасы» арқылы бағаланады. Аз ұпай жинаған балаларға оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндіктер беріледі [6].

Оқушылардың академиялық тілін, дәлелдер мен аргумент келтіру дағдыларын дамыту мақсатында «Қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі білім беру жүйесінің дамуына қалай ықпал етті?» деген сұрақты жұпта «Тулминнің аргументтеу моделін» негізге ала отырып, (Тулмин Ст. Человеческое понимание. – М.: Прогресс, 1984. – 327б.) талқылап алуды ұйғардық. Бұл әдіс тарихи тұлғаның қоғамдың саяси қызметі мен ұлт тарихында алатын орын бағамдауына, академиялық тілде аргумент келтіру дағдыларының дамуына ықпал етеді. Сынып орыс тілді болғандықтан, «В» оқушыға кілт сөздер мен сөз тіркестерін, «С» оқушыға клишелер мен лексикалық құрылымдарды беруді жоспарладық. Формативті бағалауда жұптар бірін-бірі дескриптор арқылы бағалайды. Әр жұптың жауаптары тыңдалып, бір-біріне кері байланыс береді. Бұл олардың оқудағы ілгерілеуін қадағалайды, өз қателіктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Оқушыларға мәтінмен, ресурстармен жұмыс жасауда сараланған тапсырмалар беріледі: <https://padlet.com> тақтасында «А» деңгейі – Қазақстан халқы арасындағы сауатсыздықты жою; «В» деңгей – жоғары оқу орындары, мамандар даярлау; «С» деңгейі – ғылымның дамуы туралы деректермен жұмыс жасайды. Кинестетикалық қабілетті оқушылар өз мүмкіндіктерін көрсетеді. Сараланған тапсырмалар білім алушыларды ынталандыруға, нәтижеге сатылап қол жеткізуіне көмектеседі. Олар бір-бірін платформада орналасқан жұлдызшалар арқылы бағалайды, ұсыныстарын жазуға болады. Бұл оқушылардың оқу материалын меңгергендігі жөнінде объективті ақпарат алуға ықпал етеді [7].

Сабақты бірлесіп жоспарлау тиімді болды:

1. Оқушыларың аргументтеу, дәлелдеу дағдысын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер мен бағалау құралдарын тандап алдым

2. Әріптесіммен кеңесу арқылы оқытудың интерактивті әдістерін меңгердім, кәсібилігімді шыңдадым.

Оқыту кезеңі. Сабақты <https://learningapps.org> платформасындағы иллюстрация қандай тарихи үдеріс туралы ақпарат беретіндігін талқылаудан бастадық. Тақырыптың білім мен ғылымға қатысты екенін анықтағанымен, нақты оқу мақсатын болжау оқушыларға қиындық тудырды. Сондықтан жетелеуші сұрақтар арқылы Кеңестік білім беру жүйесіндегі өзгерістерді салыстырдық. Оқушылар кейбір терминдердің («кәсіподақ», «зиялы» т.б.) мағынасын түсінбегендіктен, сұрақтар туындады. Әріптесім сөздікпен жұмыс жүргізгеннен кейін, оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін анықтадық. Оқытудың интерактивті әдісін қолдану оқушылардың зейінін шоғырландырып, ойларын жинақтауға әсер етті, дегенмен әрбір сабақта оқушыларға оқу мақсатын мен бағалау критерийлерін өздеріне шығарту керек деген ойға келдім [8].

Әріптесім <https://wordwall.net/play/13739/653/726> платформасында XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ зиялыларының суреттерін еңбектерімен сәйкестендіру тапсырмасын орындатты. Бұл оқушылардың өз бетінше білім алуына, тарихи тұлғаның қоғамдың саяси қызметі мен ұлт тарихында алатын орнын бағамдауына, сыни тұрғыдан ойлануына ықпал етті. Оқушылар тапсырманың бірден дұрыс жауаптарын таба алмады, бірнеше мәрте қателесті, қателіктерінен сабақ алып, түзетуге мүмкіндік алды. Кейбірі кітаптың авторларын тапқанымен, не туралы екендігін білмейтіні анықталды. Олардың сұрақты

түсінгеніне көз жеткізу үшін мен бастапқыда жоспарламаған талқылау сұрақтарын қоюды ұйғардым. «А» оқушы біз күтпеген «А.Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде білім алуына арналған бірінші әліппе мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы» екендігін айтып, терең білімін көрсетті. Алайда білім алушылар тапсырманы бірнеше мәрте орындағандықтан, уақытты созып алдық. Осы тапсырманы топтық жұмыс ретінде ұйымдастырғанда, оқушылар білім алу жолында кездескен қиындықтарын сыныптастырының көмегімен игере алатын еді деген ой келді. Выготский оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» (ЖАДА) оқыған кезде когнитивті даму жақсарады деп тұжырымдайды.

Әріптестерімнің пікірінше, Тулминнің аргументтеу диаграммасы арқылы оқушылардың қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі білім беру жүйесінің дамуына қалай ықпал еткенін жұпта талқылағаны тиімді болды. Бұл диаграмманы бұрын қолданбағанмын, бірақ бұл сабақта нәтижесі жақсы болды: оқушылар аргумент келтіріп сөйлеуге дағдылана бастады. Мысалы, «В» оқушы алдын ала берілген кілт сөздер мен сөз тіркестері арқылы нақты дәлелдер, фактілер, негіздемелер келтірсе, «А» оқушы өзінің терең білімін көрсетіп, ресурста берілмеген зиялы тұлғалардың тізімін толықтырып, еңбектеріне баға берді. «С» оқушы тарихи мәліметтерді түсінгенімен, клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, аргументтер мен дәлелдер келтіруде қиналды, себебі тапсырма жоғары ойлау дағдысына сәйкес келеді, екінші тілге қарай бейімделмеген, оқушылар қолдауды қажет ететіндігі/етпейтіндігіне қарай жұптастырылмаған. Алдағы уақытта оқушылардың қабілеттерін ескере отырып, сараланған сұрақтар әзірлеу керек және жұптарға біріктіруде қабілеттерін ескеру деген ойға келдім. Дегенмен Тулминнің аргументтеу диаграммасы оқушылардың академиялық тілін дамытып, дәлелдер мен аргумент келтіріп сөйлеуге көмектесті [9].

Топтық жұмыс кезінде оқушылар <https://padlet.com> тақтасында «А» деңгей – Қазақстан халқы арасындағы сауатсыздықты жою; «В» деңгей – жоғары оқу орындары, мамандар даярлау; «С» деңгейі – ғылымның дамуындағы өзгерістерге талдау жасады. Оқушылар әртүрлі ресурстармен жұмыс жасай отырып, себеп-салдарлық байланыстарды анықтады. Қабілетті оқушылар жағдаяттарды талдап, жинақтау, бағалау негізінде ой қорытындысын жасай алды. Алайда бақылаушылар тапсырмаларды орындау уақытты алғанын, ұсынылған ақпараттың көлемді болғанын атап өтті. Оқушыларға Кеңестік білім беру жүйесіндегі өзгерістерді, негізгі фактілерді, құбылыстар мен үдерістерді сипаттау үшін көбірек уақыт қажет болды. Оқушылар өзгерістерді анықтағанымен, білім мен ғылым саласындағы жетістіктер мен кемшіліктерді сараптауда қиналды. Өйткені оқулықта берілген мәтінді түсініп оқымады. Алдағы уақытта тәжірибеме оқушылардың функционалық сауаттылығын дамытуға арналған әдіс-тәсілдерді енгіземін және мәтіндерді оқушылардың қабілеттерін ескере отырып бейімдеймін.

Әріптестеріммен бірге жоспарлаған сабағым сәтті болды. Оқу мақсатына сай әдіс-тәсілдер мен ресурстар, бағалау құралдары – оқушылардың тарихи деректерді қолдана отырып, аргументтеу дағдысын дамытты. Алайда осы сабағымда кездескен қиындықтарды есепке ала отырып, тәжірибеме өзгерістер енгізетін боламын:

1. Сабақтың басында күтілетін нәтижелерді айқындау үшін оқу мақсаты мен бағалау критерийін оқушылардың өздері анықтай алатындай әдіс-тәсілдерді меңгеру;

2. Оқушылар бірі білмегенді екіншісінен үйреніп, жақын арадағы даму аймағы жүру үшін сабақта жұпқа, топқа бөлу тәсілдерін игеру;

3. Тарихи мәліметтерді түсініп оқу үшін оқулықтағы мәтіндерді оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеу және функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған әдіс-тәсілдерді зерттеу;

4. Оқушылар оқу мақсатына қол жеткізу үшін сараланған тапсырмалар түрлерін тереңірек меңгеру [10].

Оқушыларды бағалау үдерісінің жүргізілуі. Сабақта оқушылар тапсырмаларды орындау барысында оқу жетістіктері үнемі бағаланды. Цифрлық платформаларда

тапсырмаларды орындау оқушыларды шынайы бағалауға, уақытты үнемдеуге көп көмегін тигізді. Сонымен қатар топтық, жұптық, өзін-өзі бағалау түрлері жүзеге асты.

Мысалы, <https://learningapps.org/> платформасындағы суреттер пен тірек сөздерді дұрыс орналастыруда басым көпшілігі тапсырмаларды дұрыс орындап, батырманы басқан кезде «Жарайсыз!» деген қысқа комментарийдің өзі олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, танымдық белсенділігін арттырды. Ал кейбір қателескен оқушылар өзінің қай жерден қателескенін көріп тұрғандықтан, өз оқуындағы олқылықтарды анықтап, оларды түзетуге мүмкіндік алды.

<https://wordwall.net> платформасында оқушылар «Leaderboard» тақтасы арқылы бағаланды. Жинаған ұпайларына қарай өзінің қай сатыда тұрғанын, қандай бағытта даму керектігін түсінді. Нақты ұпай берілгендіктен, бәрі айқын, анық. Байқаушылар бұл платформа оқушыларға ұнағанын, қатемен жұмыс жасағанын, «лидерлер тақтасынан» өзінің есімін көрген «А» және «С» оқушыларым сабаққа белсенді қатыса бастағанын, ал «В» оқушы есімі шықпағандықтан, керісінше, көңіл-күйі болмағанын атап өтті. Өйткені «С» оқушы бір рет қателескеннен кейін платформадан дайын жауаптарды көріп алып, екінші рет жауап берген кезде «В» оқушыны басып озғаны анықталды. Қатемен жұмыс жасағаннан кейін екінші рет жауап беруге мүмкіндік бермеу керек екен [11].

Тулминнің аргументтеу моделінде оқушылармен бірге оқу мақсатына қол жеткізу үшін дескрипторларды бірге құрастырдық. Оқушылардың тапсырмаға сай дескриптор құрастыра алмайтыны байқалды. Сондықтан өзім бағыт беріп отырдым. Балалар жұпта бір-бірін «білім және ғылым саласындағы өзгерістерге аргументтер келтіреді; мәдени өзгерістерге тұжырым жасайды; білім мен ғылым саласындағы артықшылықтарды талқылайды; білім мен ғылым саласындағы кемшіліктерді анықтайды; Алаш зиялыларының ағартушылық миссиясы мен кітап шығару ісіндегі еңбектерін бағалайды» деген дескрипторларды қолданып, бағалады. Байқаушылардың ойынша, дескриптор арқылы бағалау оқушылардың тарихи деректерді қолданып, аргумент келтіру дағдыларын дамытуға көмектесті. Алайда кейбір тілдік кедергісі бар оқушылар үстірт дәлелдер келтіріп, ғалымдардың еңбектеріне объективті баға бере алмаса да, сол кемшілікті жасырып, шынайы бағаламады, сондықтан қосымша сұрақтар қоюға тура келді. Сондай-ақ Қ. оқушы жұбын бағалағанда дескрипторда берілмеген талапты қоя бастады. Бағалау әділ болуы үшін тек дескриптор арқылы бағалау керектігін түсіндірдім.

Топтық жұмыс кезінде бір-бірін <https://padlet.com> тақтасында платформада орналасқан жұлдызшалар арқылы бағалап, комментарий қалдырып отырды. Бұл барлық оқушылардың жұмысын бағалауға және уақытты үнемдеуге септігін тигізді. Дескрипторды бұл жолы топтардың өздеріне жасаттым. Дескриптор тапсырмаға сай жасалды, алайда өзім де «Қазақстан халқы арасындағы сауатсыздықты жою қадамдарын талдайды; маман кадрларды дайындау қажеттігін сараптайды; ғылымның дамуын пайымдайды» деп түзетіп отырдым. Бағалау барысында оқушылардың комментарий қалдырып, бір-бірінің жұмысына сындарлы кері байланыс бергені маған ұнады. Мысалы, Қазақстан халқы арасындағы сауатсыздықты жою қадамдарын талдауда «медреселер ашылды» деген жауабына сыныптасы «медреселер ашылған жоқ, керісінше, діни пәндерді оқытуға тыйым салынды» деп комментарий қалдырып, қатесін түзетуге, даму бағытын анықтауға көмектесті. Оған сыныптасы ренжіген жоқ, керісінше, Драхмәнмен Суәтстің пайымдауынша, кері байланыс кезінде мұғалімнің сынына қарағанда, құрдастарының ескертулері тұрақты нәтижелерге қол жеткізуде көп әсер ететінін тағы бір дәлелдегендей болды. Сабақтың соңында оқушылар күтілетін нәтижеге қол жеткізе алды [12].

Алдағы уақытта бағалауды дұрыс жүргізу үшін тәжірибеме төмендегідей өзгерістер енгіземін деп шештім:

1. Тапсырманың шартын түсініп, өз бетінше білім алуын жетілдіру үшін әрбір сабақта бағалау критерийі мен тапсырмаға сай дескрипторларды оқушылардың өздеріне жасатуды дағдыландыру;

2. Оқушылар өздерінің жетістіктерін саналы түрде түсініп, нәтижеге қол жеткізу үшін бір-бірін әділ бағалауға үйрету;

3. Ауызша және жазбаша түрде өз көзқарастарын дәлелдеу дағдыларын дамыту үшін онлайн платформалардан гөрі формативті бағалаудың жазбаша және ауызша формаларын жиі қолдану.

Сабақтың сапасы бағалау. Сабақтың әрбір кезеңін талдау педагогикалық тәжірибемнің әлсіз және күшті жақтарын айқындауға әсерін тигізді.

Оқыту барысында қиындық туғанымен, алдыңғы сабақтардағы әріптестеріммен бірлесе жоспарлаған сабағым сәтті өтті. Мысалы, цифрлық платформаларды қолдану дәстүрлі әдіс-тәсілдерге қарағанда көрнекі, оқушылардың қызығушылықты оятып, өз бетінше тапсырмаларды орындауына, өзін-өзі бағалауға, уақытты үнемдеуге таптырмас көмекші құрал екендігіне көз жеткіздім. Сондықтан алдағы уақытта білім алушылардың назарын аса маңызды тақырыптарға аударту үшін goformative.com, triventy.com, fliprity сияқты онлайн платформаларды меңгеремін [13].

Бағалау құралдары мен стратегиялары сәтті қолданылды: оқушы өзін-өзі бағалау арқылы нені оқу керектігін түсініп, өз бетінше білім алуға талпынды. Дегенмен алдағы сабақтарымда оқушыларды бір-бірін әділ бағалауға дағдыландыру үшін оларға бағалау өлшемдерін нақты түсіндіріп, тапсырмаға дескриптор құрастыруды үйретудің жаңа тәсілін ойластыратын боламын.

Алайда <https://learningapps.org> платформасындағы иллюстрацияны сипаттауда барлық оқушылар тарихи оқиғаны дұрыс анықтай алмайтынын, орыс сыныбы болғандықтан кейбір сөздердің мағынасы түсінуге қиындық тудыратынын, оқу мақсатын болжай алмайтынын ескермедім. Әріптестерім маған осы тапсырманы жеке жұмыс ретінде емес, әр оқушының тілді меңгеру дағдысын ескере отырып, жұптық немесе топтық жұмыс ретінде ұсыну керектігін айтты. Сондықтан маған әрбір сабақта оқушылардың инфографикамен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіретін тапсырмаларды жоспарлау қажет.

Тулминнің аргументтеу моделі көзқарастарды дәлелдеуге ықпал етті алайда білім мен ғылым саласындағы артықшылықтар мен кемшіліктерді талдауда, Алаш зиялыларының ағартушылық миссиясы мен кітап шығару ісіндегі еңбектерін бағалауда біршама қиналды. Өйткені оқу мақсатына сатылап қол жеткізу үшін әрбір баланың қабілетін ескере отырып, сараланған сұрақтар мен тапсырмаларды іс жүзінде дайындамадым. Сабақ соңындағы рефлексияда «С» оқушы сұрақты түсінбегенін атап өтті. Алдағы уақытта сараланған тапсырмалар бойынша біліктілікті арттыру курстарына қатысып, әрбір сабақта оқушылардың қабілеттерін ескере отырып, сараланған сұрақтар мен тапсырмалар дайындау ісін тереңірек жетілдіремін. Осыған сәйкес мен өз тәжірибемді дамыту бағытын анықтадым: «Сараланған тапсырмаларды ұйымдастыру арқылы оқушылардың аргументтеу және дәлелдеу дағдыларын дамыту». Бұл оқушылардың өз ойларын ашық жеткізіп, сұрақтарға дәлелдер мен дәйектер келтіруге дағдыландырады, білім алуға құлшыныстарын арттырады [14].

Сабақтағы "іс-әрекетті зерттеу" әдісі білім беру процесіне оң әсер еткен бірнеше тиімді сәттерді көрсетті. Тиімді сәттерді төмендегідей қарастыруға болады:

Бұл әдіс оқушыларды пассивті бақылаушы емес, білім беру процесінің белсенді қатысушысы болуға мүмкіндік берді. Олар тек материалды игеріп қана қоймай, мәселелерді өз бетінше зерттеп, талдап, шешті. Оқушыларды мұндай тарту ақпаратты жақсы игеруге және өзіндік жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Студенттер зерттеу міндеттерімен жұмыс істей отырып, деректерді талдауға, гипотеза жасауға және оларды іс жүзінде тексеруге үйренді. Бұл сыни ойлауды дамытады, тақырыпты және оның басқа білім салаларымен байланысын тереңірек білуге көмектеседі.

"Іс-әрекетті зерттеу" әдісі барысында мұғалім студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік алады. Мысалы, тапсырмаларды оқушылардың білім деңгейі мен қабілеттеріне қарай бейімдеуге болады, бұл олардың әрқайсысына өздеріне ыңғайлы қарқынмен жұмыс істеуге және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Студенттер нақты міндеттермен жұмыс істеп, практикалық мәселелерді шеше отырып, олардың күш-жігері нақты мағынаға ие деп санайды. Бұл мотивацияны айтарлықтай арттырады, өйткені студенттер олардың әрекеттері мен нәтижелері арасындағы тікелей байланысты көреді [15].

Әдістің маңызды бөлігі-өз әрекеттері мен нәтижелерін талдау. Студенттер өздерінің жетістіктері мен сәтсіздіктерін бағалауды, қателіктері туралы ойлауды және жақсарту жолдарын іздеуді үйренеді. Бұл интроспекция және өзін-өзі түзету сияқты метакогнитивті дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

"Іс-әрекетті зерттеу" әдісін қолдана отырып ұйымдастырылған сабақтарда студенттер көбінесе топтарда жұмыс істейді, идеялар мен шешімдерді талқылайды, нәтижелерімен бөліседі. Бұл топтық дағдыларды дамытады, Басқалардың пікірлерін тыңдауға және құрметтеуге, сондай-ақ жалпы нәтижеге жету үшін белсенді өзара әрекеттесуге көмектеседі.

Бұл әдісті қолданатын мұғалім зерттеу процесінің қалай жүретініне байланысты өз тәсілдерін икемді түрде бейімдей алады. Егер бірдеңе жұмыс істемесе, мұғалім студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін курсты немесе техниканы тез түзете алады.

Студенттердің өздері ақпарат іздеумен және тақырыпты зерттеумен айналысатындықтан, олардың түсінігі тереңірек және саналы болады. Бұл тәсіл ақпаратты механикалық түрде есте сақтаудың орнына білімді тереңірек деңгейде бекітуге көмектеседі.

Осылайша, "іс-әрекетті зерттеу" әдісі студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді, негізгі дағдыларды дамытады, мотивацияны арттырады және мұғалімге жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін өз тәжірибесін икемді түрде бейімдеуге мүмкіндік береді [16].

Іс-тәжірибемді сараптай келе, сабағымда XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдай отырып, оқушылардың аргументтеу және дәлелдеу дағдыларын жетілдіре алғаныма сенімдімін. Дегенмен кәсіби дамуым үшін төмендегідей қадамдарды жоспарлаймын:

1. Оқушыларға сапалы білім беру үшін мектептегі түрлі семинарлар мен әріптестерімнің сабақтарына қатысу арқылы саралап оқытудың үздік әдіс-тәсілдерін меңгеріп, тәжірибем ендіремін;

2. Оқушылардың дамуындағы өзгерістерді бақылап, сындарлы кері байланыс беру үшін сарапшы мұғалімдермен кеңесу арқылы бағалау құралдары мен тәсілдерін түрлендіріп қолданамын;

3. Оқушылардың аргументтеу және дәлелдеу дағдыларын дамытуға арналған сабақ жоспарлары мен әдістемелік құралдар әзірлеп, әріптестеріммен бөлісемін [17].

Сабақтың соңында сабақ үдерісін бақылаған әріптестер кері байланыс беру мақсатында кабинетке жиналды. Сабақ барысында жоспарланған кейбір стратегиялар мен білім беру ресурстарының оқушылардың деңгейін ескере отырып жүргізу үшін жекелей емес жұптық немесе топтық негізде жүзеге асырудың қажеттілігін көрсетті. Үлгерімі төмен оқушылар үшін аталған тапсырмаларды жекелей өткізу қиындық тудыратындығы көрініп, кейбір оқушылар бұл тапсырмалардың үдесінен шыға алмағандығы анықталды. Тілдік кедергілері бар оқушылар берілген тапсырманы қалай орындау қажеттілігін дұрыс түсінбеген. Бұл мәселені шешу жолы ретінде үлгерімі төмен оқушыны үлгерімі жоғары оқушымен жұптастыру немесе топтастыру арқылы жұптық немесе топтық жұмыстар ретінде өткізуді келесі сабақтарда қолдану керек [18].

Жалпы алғанда "іс-әрекетті зерттеу" (Action Research) әдісі-бұл сыныптағы өз іс-әрекеттерін жүйелі түрде зерттеу арқылы оқыту мен оқу тәжірибесін жақсартуға бағытталған белсенді процесс. Бұл тәсіл теорияның рефлексиясы мен практикалық қолданылуына баса назар аударады. Осы әдіс бойынша сабақтарда қолданылатын әдістердің тиімділігін әр түрлі тұрғыдан бағалауға болады:

Оқушыларды белсендіру: "әрекетті зерттеу" әдісі студенттерді зерттеу процесіне тартады, бұл оларға шешім іздеуге белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Бұл мотивацияны жақсартуға және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Оқытушының рефлексиясы: оқытушы үшін әдіс олардың педагогикалық стратегияларын, сондай-ақ олардың оқу процесіне әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мұғалім өзінің іс-әрекеттері мен нәтижелерін талдай отырып, оқыту сапасының үнемі жақсаруына әкелетін тәсілдер мен әдістерді реттей алады.

Оқытуды даралау: зерттеу барысында студенттердің әртүрлі топтарының материалды қабылдау ерекшеліктерін анықтауға болады, бұл оқытуды белгілі бір оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуге көмектеседі [19].

Өзін-өзі бағалау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту: студенттер осы тәсіл барысында өз қызметін талдауға, мақсат қоюға және прогресті бағалауға үйренеді.

Теорияны іс жүзінде жүзеге асыру: "іс-әрекетті зерттеу" әдісін қолдана отырып, оқытушылар мен студенттер теориялық білімді нақты білім беру ортасында қолдана алады, бұл материалды түсіну мен игеруді жақсартады.

Білімділік және тәжірибе алмасу: бұл әдіс ұжымдық талдауға ықпал етеді, мұғалімдер мен оқушылар арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді, бұл білім беру процесінде неғұрлым жемісті өзара әрекеттесуге әкеледі.

Дегенмен, әдісті тиімді қолдану үшін зерттеу процесінің нақты құрылымдалуы және оның нәтижелері одан әрі білім беру тәжірибесіне біріктірілуі маңызды. Оқытушылардың да, студенттердің де рефлексия мен сындарлы сынға дайындығын ескеру қажет.

Қорытынды

"Action Research" әдістемесі мұғалімдердің кәсіби дамуы үшін құнды құрал болып табылады, бұл оларға өз тәжірибелерін белсенді зерттеуге, нақты мәселелерді шешуге және педагогикалық шеберліктерін үздіксіз жетілдіруге мүмкіндік береді. "Action Research" педагогикалық қызметте рефлексивті мәдениеттің, автономияның және инновацияның дамуына ықпал етеді. "Action Research" тәсілін мұғалімдердің жұмыс тәжірибесіне енгізу білім беру сапасын арттыруға және неғұрлым саналы және білікті педагогтарды қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін. Әрі қарайғы зерттеулер "Action Research" - ті әртүрлі білім беру контексттерінде қолданудың әртүрлі аспектілерін зерттеуге, сондай-ақ мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесіне осы тәсілді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге бағытталуы мүмкін [20].

"Әрекетті зерттеу" әдісі (Action Research) - бұл білім беру тәжірибесін жақсартуға бағытталған циклдік бақылау, рефлексия, жоспарлау, әрекет және талдау процесіне негізделген тәсіл. Оның сабақтардағы тиімділігін әртүрлі позициялардан бағалауға болады, соның ішінде студенттер мен оқытушыларға арналған нәтижелер, сондай-ақ білім беру процесі контекстіндегі жалпы нәтижелер. Оның тиімділігі туралы негізгі тұжырымдарды қарастырыңыз. Қорытындылай келе іс әрекетті зерттеу тәсілінің сабақты дамытудағы тиімділігі ретінде төмендегідей факторларды қарастыруды болады:

1. Оқушылардың қатысуын арттыру

Әдістің басты артықшылықтарының бірі-студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуы. Студенттер көбінесе пассивті білім алушылар болып табылатын дәстүрлі дәріс әдісінен айырмашылығы, "іс-әрекетті зерттеу" әдісіне студенттер білім құру процесіне қатысады. Олар гипотезаларды тұжырымдау, деректерді талдау және оқу мәселелерін шешу стратегияларын әзірлеу арқылы зерттеуші болады. Бұл тәсіл тәуелсіздікті, сыни ойлауды және оқу процесіне жауапкершілікті дамытуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде студенттердің ынтасын арттырады.

2. Өзін-өзі бағалау және рефлексия дағдыларын дамыту

Бұл әдіс студенттерге білім алуға ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Өз әрекеттері мен нәтижелерін талдаудың үздіксіз процесі студенттерге олардың күшті жақтары мен жақсарту аймақтары туралы хабардар болуға

көмектеседі. Олар өздерін өзін-өзі сыни және объективті болуға үйретеді, бұл олардың ұзақ мерзімді оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Мұғалім үшін рефлексия және өзін-өзі бағалау оқыту сапасын жақсартудың маңызды құралы болып табылады, өйткені ол өзінің әдістемелік тәсілдерін және олардың тиімділігін талдай алады.

3. Оқытуды даралау және саралау

"Әрекетті зерттеу" әдісі оқытуды дараландыруға және саралауға ықпал етеді. Оқытушы өз тәсілдерін топтың немесе жеке студенттің ерекшеліктеріне қарай бейімдей алады. Зерттеу барысында студенттер жеке көзқарасты қажет ететін әртүрлі мәселелер мен міндеттерге тап болуы мүмкін. Бұл оқу материалын тереңірек түсінуге ықпал етеді және оқудағы қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Топтық жұмыс және талқылау сияқты элементтер студенттердің әртүрлі оқу стильдері мен тәсілдерін ескеруге мүмкіндік береді.

4. Ынтымақтастық және тәжірибе алмасу

"Әрекетті зерттеу" әдісін қолдану студенттер арасында да, оқытушы мен студенттер арасында да белсенді өзара әрекеттесуді білдіреді. Талқылау, проблемаларды бірлесіп шешу, зерттеу нәтижелерімен алмасу ынтымақтастық пен өзара көмек атмосферасын қалыптастырады. Бұл қазіргі білім беру жағдайында өте маңызды қарым-қатынас пен сыни талқылау дағдыларын дамытады.

5. Оқыту сапасын жақсарту

Оқытушы үшін "әрекетпен зерттеу" әдісі кәсіпқойлықты арттырудың қуатты құралы болып табылады. Ол оқытудың әртүрлі әдістерінің тиімділігін тексеріп қана қоймайды, сонымен қатар зерттеу нәтижелері қойылған мақсаттарға қалай сәйкес келетініне байланысты өз тәсіліне тікелей түзетулер енгізу мүмкіндігіне ие. Осылайша, мұғалім өз тәжірибесін үнемі жетілдіріп отырады, бұл білім сапасына тікелей әсер етеді.

6. Әдістің қиындықтары мен қиындықтары

Көптеген артықшылықтарға қарамастан, "әрекетті зерттеу" әдісінің өзіндік қиындықтары бар. Негізгі қиындықтардың бірі-мұғалім мен студенттердің рефлексивтілік пен өзін-өзі ұйымдастырудың жоғары дәрежесін көрсету қажеттілігі. Барлық оқушылар оқу процесінде мұндай белсенді рөлге дайын емес және әдісті қолдану кезінде мұғалім осы факторды ескеруі керек. Сондай-ақ, зерттеу процесі уақыт пен ресурстарды қажет етеді, бұл оны оқу жоспарында қолдануды шектеуі мүмкін.

"Іс-әрекетті зерттеу" әдісі білім беру сапасын жақсартудың жоғары тиімді құралы болып табылады, өйткені ол студенттердің қатысуына, тәуелсіздігі мен сыни ойлауын дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар мұғалімге өзінің тәсілдері мен әдістерін жетілдіруге көмектеседі. Дегенмен, оны сәтті енгізу процестің барлық қатысушыларынан белсенді ынтымақтастыққа, рефлексияға және үнемі өзін-өзі жетілдіруге дайындықты талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғалиева, Б. (2016). Мұғалімнің кәсіби дамуы: *Action research* тәсілінің тиімділігі. *Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің мәселелері*, 2(5), 45-52.
2. Сейфуллаева, Г. (2018). *Action research: Мұғалімдер үшін жаңа мүмкіндіктер. Педагогикалық ғылымдар*, 3(2), 25-30.
3. Жұмабай, М. (2017). *Action research* әдісі арқылы мұғалімнің кәсіби тәжірибесін жетілдіру. *Қазақстан педагогикасы*, 4(1), 67-72.
4. Айтмамбетова, А. (2019). Білім беруде *action research* тәсілінің қолданылуы. *Білім беруді жаңарту: теория мен практика*, 5(1), 12-18.
5. Тлеубекова, С. (2020). Мұғалімдердің тәжірибесін зерттеудегі *action research* тәсілі: Тәжірибелік зерттеу. *Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы*, 1(1), 78-84.
6. Қожахметова, М. (2021). *Action research: Мұғалімдер үшін тиімді әдіс. Қазақ білім беру журналы*, 6(2), 53-60.
7. Сахариев, Т. (2022). *Action research* негізіндегі мұғалімдердің кәсіби даму стратегиялары. *Білім беру және педагогика*, 3(3), 99-105.

8. Сәбитова, Ә. (2020). *Action research: Мұғалімнің практикасын зерттеудің жаңа әдісі. Жас ғалым*, 5(4), 15-20.
9. Ермекбаев, И. (2018). *Action research арқылы білім беру сапасын арттыру. Білім әлемі*, 7(2), 36-42.
10. Акимова, Л. (2019). *Мұғалімдердің рефлексивті тәжірибесін дамытудағы action research рөлі. Педагогикалық зерттеулер*, 2(1), 88-94.
11. Kemmis, S., & McTaggart, R. (1988). *The action research planner*. Deakin University Press.
12. Stringer, E.T. (2014). *Action research*. Sage Publications.
13. Carr, W., & Kemmis, S. (1986). *Becoming critical: Education, knowledge and action research*. Falmer Press.
14. Creswell, J.W. (2014). *Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches*. Sage Publications.
15. Cochran-Smith, M., & Lytle, S.L. (2009). *Inquiry as stance: Practitioner research for the next generation*. Teachers College Press.
16. Ferrance, E. (2000). *Action research*. Brown University.
17. McNiff, J. (2013). *Action research: Principles and practice*. Routledge.
18. Mills, G.E. (2018). *Action research: A guide for the teacher researcher*. Pearson.
19. Pine, G.J. (2009). *Teacher action research: Building knowledge democracies*. Sage Publications.
20. Mertler, C.A. (2016). *Action research: Improving schools and empowering educators*. Sage Publications.

References:

1. Nūrǵaliev, B. (2016). *Mūǵalimniñ kāsibi damuy: ACTION RESEARCH tāsılınıñ tımdılıǵı. Qazaqstan Respublikasy bilim beru júiesiniñ máseleleri*, 2(5), 45-52.
2. Seifullaeva, G. (2018). *ACTION RESEARCH: Mūǵalimder úshın jańa múmkındıktar. Pedagogikalyq ǵylymdar*, 3(2), 25-30.
3. Jūmabai, M. (2017). *ACTION RESEARCH әдісі арқылы мұғалімнің кәсіби тәжірибесін jetildiru. Qazaqstan pedagogikasy*, 4(1), 67-72.
4. Aitmambetova, A. (2019). *Bilim berude ACTION RESEARCH tāsılınıñ qoldanylyu. Bilim berudi jańartu: teoria men praktika*, 5(1), 12-18.
5. Tleubekova, S. (2020). *Mūǵalimderdiñ tājiribesin zertteudeǵı ACTION RESEARCH tāsılı: Tājiribelik zertteu. Qazaq ulttyq pedagogikalyq universitetiniñ habarshysy*, 1(1), 78-84.
6. Qojahmetova, M. (2021). *ACTION RESEARCH: Mūǵalimder úshın tımdı әдіs. Qazaq bilim beru jurnaly*, 6(2), 53-60.
7. Sahariev, T. (2022). *ACTION RESEARCH negızindeǵı mūǵalimderdiñ kāsibi damu strategialary. Bilim beru jáne pedagogika*, 3(3), 99-105.
8. Säbitova, Ä. (2020). *ACTION RESEARCH: Mūǵalimniñ praktikasyn zertteudiñ jańa әдіsı. Jas ǵalym*, 5(4), 15-20.
9. Ermekbaev, İ. (2018). *ACTION RESEARCH arqyly bilim beru sapasyn arttyru. Bilim әlemi*, 7(2), 36-42.
10. Akimova, L. (2019). *Mūǵalimderdiñ reflektivtı tājiribesin damytudaǵy ACTION RESEARCH röh. Pedagogikalyq zertteuler*, 2(1), 88-94.
11. Kemmis, S., & McTaggart, R. (1988). *The action research planner*. Deakin University Press.
12. Stringer, E. T. (2014). *Action research*. Sage publications.
13. Carr, W., & Kemmis, S. (1986). *Becoming critical: Education, knowledge and action research*. Falmer Press.
14. Creswell, J. W. (2014). *Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches*. Sage publications.

15. Cochran-Smith, M., & Lytle, S. L. (2009). *Inquiry as stance: Practitioner research for the next generation*. Teachers College Press.
16. Ferrance, E. (2000). *Action research*. Brown University.
17. McNiff, J. (2013). *Action research: Principles and practice*. Routledge.
18. Mills, G. E. (2018). *Action research: A guide for the teacher researcher*. Pearson.
19. Pine, G. J. (2009). *Teacher action research: Building knowledge democracies*. Sage publications.
20. Mertler, C. A. (2016). *Action research: Improving schools and empowering educators*. Sage publications.